

Басқарманың жұмысы туралы есеп

Компанияның Басқарма төрағасының өкілеттіктері Компания Жарғысының 13-тарауымен белгіленеді.

Басқарма атқарушы орган болып табылады және Компанияның ағымдағы операциялық қызметін басқарады. 2017 жылы тұрақты негізде және қажетінше Басқарманың 26 мәжілісі өткізілді.

2017 жылы Басқарма Компанияның операциялық қызметіне қатысты төмендегі мәселелерді қарастырды:

- ▶ Компания жасауға мүдделі болған мәмілелерді жасасу;
- ▶ «Ембімұнайгаз» АҚ өндірістік бағдарламасын бекіту;
- ▶ Студенттерді (қазақстандық мамандарды) оқытуға қаражат бөлу туралы;
- ▶ Қосарлы оқытуды ұйымдастыру туралы;
- ▶ Бірінші кезектегі ТЖҚ сатып алулардың 2018 жылға арналған тізімін бекіту туралы;
- ▶ Халықтың әлеуметтік тұрғыдан осал топтарына әлеуметтік, қайырымдылық көмек көрсету туралы;
- ▶ «Ембімұнайгаз» АҚ басқару аппаратының қызметкерлеріне (Басқарма мүшелері мен корпоративтік хатшыдан басқа) 2017 жылға арналған тоқсандық сыйақы төлеу туралы;
- ▶ «Ембімұнайгаз» АҚ-ның өндірістік құрылымдық бөлімшелері қызметкерлерінің штаттық кестелерін бекіту туралы;
- ▶ «Ембімұнайгаз» АҚ басқару аппаратының құрылымдық бөлімшелерінің және өндірістік құрылымдық бөлімшелері басшыларының ПӘК-ін бекіту туралы;
- ▶ «Ембімұнайгаз» АҚ зейнеткерлеріне материалдық көмек төлеу туралы;
- ▶ Есептен шығарылуы тиіс өтімсіз ТМҚ тізімін бекіту туралы.

